

Мемлекеттік сатып алу саласындағы бірыңғай оператордың әлеуетті өнім берушілер мен өнім берушілердің электрондық әмиянынан ақшаның сақталуын қамтамасыз ету мақсатында есепке жатқызу және (немесе) аудару (мемлекеттік сатып алу саласындағы бірыңғай оператордың қолма-қол ақшаны бақылау шоты) қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2025 жылғы 30 шілдедегі № 412 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2025 жылғы 1 тамызда № 36560 болып тіркелді

Қазақстан Республикасы Бюджеттік кодексінің 106-бабы 3-тармағының 22) тармақшасына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. Қоса беріліп отырған Мемлекеттік сатып алу саласындағы бірыңғай оператордың әлеуетті өнім берушілер мен өнім берушілердің электрондық әмиянынан ақшаның сақталуын қамтамасыз ету мақсатында есепке жатқызу және (немесе) аудару (мемлекеттік сатып алу саласындағы бірыңғай оператордың қолма-қол ақшаны бақылау шоты) қағидалары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік сатып алу және квазимемлекеттік сектордың сатып алу заңнамасы департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрықтың ресми жарияланғаннан кейін Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын;

3) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін он жұмыс күні ішінде осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтердің Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Заң қызметі департаментіне ұсынылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрық оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының  
Қаржы министрі

M. Такиев

Қазақстан Республикасының  
Қаржы министрі  
2025 жылғы 30 шілдедегі  
№ 412 бұйрығымен  
бекітілген

**Мемлекеттік сатып алу саласындағы бірыңғай оператордың әлеуettі өнім берушілер мен өнім берушілердің электрондық әмиянынан ақшаның сақталуын қамтамасыз ету мақсатында есепке жатқызу және (немесе) аудару (мемлекеттік сатып алу саласындағы бірыңғай оператордың қолма-қол ақшаны бақылау шоты) қағидалары**

## **1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Осы Мемлекеттік сатып алу дағы электрондық әмиянды қолдану қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) Қазақстан Республикасы Бюджеттік кодексінің 106-бабы З-тармағының 22) тармақшасына сәйкес әзірленді және мемлекеттік сатып алу саласындағы бірыңғай оператордың әлеуettі өнім берушілер мен өнім берушілердің электрондық әмиянынан ақшаның сақталуын қамтамасыз ету мақсатында есепке жатқызу және (немесе) аудару (мемлекеттік сатып алу саласындағы бірыңғай оператордың қолма-қол ақшаны бақылау шоты) тәртібін айқындайды.

2. Осы Қағидаларда мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) әлеуettі өнім беруші – "Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасының Заңында (бұдан әрі – Заң) көзделген жағдайларда мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасасуға үміткер кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын жеке тұлға, заңды тұлға (егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше белгіленбесе, мемлекеттік мекемелерді қоспағанда), заңды тұлғалардың уақытша бірлестігі (консорциум), сондай-ақ кәсіпкерлік қызмет субъектісі болып табылмайтын жеке тұлға;

2) бірыңғай сатып алу платформасы (бұдан әрі – веб-портал) – мемлекеттік сатып алу саласындағы уәкілетті органның ақпараттық жүйесі, ол мемлекеттік сатып арудың және "Квазимемлекеттік сектордың жекелеген субъектілерінің сатып алуы туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жүзеге асырылатын сатып арудың электрондық көрсетілетін қызметтеріне қол жеткізудің бірыңғай нүктесін ұсынады;

3) мемлекеттік сатып алу саласындағы бірыңғай оператор (бұдан әрі – бірыңғай оператор) – мемлекеттік сатып алу саласындағы уәкілетті орган айқындаған, акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) жалғыз меншік иесі мемлекет болып табылатын заңды тұлға;

4) мемлекеттік сатып алу саласындағы бірыңғай оператордың екінші деңгейдегі банктерде ашылған шоты (бұдан әрі – ЕДБ-де ашылған шот) – бұл әлеуettі өнім берушілер мен өнім берушілердің электрондық әмиянды толтыруына арналған банктік шот;

5) мемлекеттік сатып алу саласындағы бірыңғай оператордың қолма-қол ақшаны бақылау шоты – мемлекеттік сатып алу саласындағы бірыңғай оператордың әлеуettі өнім берушілер мен өнім берушілердің электрондық әмиянға енгізілген ақшасының

сақталуын қамтамасыз ету мақсатында есепке жатқызуына және (немесе) аударуына байланысты операцияларды есепке алуға арналған мемлекеттік қазынашылықта ашылған шот;

6) мемлекеттік қазынашылық органдар – бюджетті атқару жөніндегі орталық атқарушы органның бюджетті қазынашылық атқару жөніндегі уәкілетті органының функциялары жүктелген ведомствоның аумақтық бөлімшелері;

7) өнім беруші – осы Заңда көзделген жағдайларда тапсырыс берушімен жасасқан шартта оның тарапы ретінде әрекет ететін, кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын жеке тұлға, заңды тұлға (егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше белгіленбесе, мемлекеттік мекемелерді қоспағанда), заңды тұлғалардың уақытша бірлестігі (консорциум), сондай-ақ кәсіпкерлік қызмет субъектісі болып табылмайтын жеке тұлға;

8) электрондық әмиян – әлеуетті өнім беруші немесе өнім беруші бірыңғай оператордың шотына ақша салған кезде оның:

мемлекеттік сатып алуға қатысуға арналған өтінімдерді қамтамасыз етуге;

шарттың орындалуын қамтамасыз етуге;

авансты қамтамасыз етуге (егер шартта аванс көзделсе);

демпингке қарсы соманы енгізуге байланысты операцияларын көрсету үшін бірыңғай оператор пайдаланатын әлеуетті өнім берушінің немесе өнім берушінің жеке шоты.

**2-тарау. Әлеуетті өнім берушілердің және (немесе) өнім берушілердің қамтамасыз ету шаралары ретінде енгізілетін ақшасын есепке жатқызу және веб-порталда пайдалануды қамтамасыз ету**

3. Әлеуетті өнім берушілердің және (немесе) өнім берушілердің ақшасы Заңға сәйкес қамтамасыз ету шаралары ретінде электрондық әмиянды толтыру үшін ЕДБ-де ашылған шотқа түседі.

4. Электрондық әмиянға ақша аудару төлем құжатында көрсетілген заңды тұлғаның бизнес-сәйкестендіру нөміріне (бұдан әрі – БСН) немесе жеке тұлғаның жеке сәйкестендіру нөміріне (бұдан әрі – ЖСН) сәйкес жүргізіледі.

5. Әлеуетті өнім берушілер және (немесе) өнім берушілер төлем құжатында төлем жөнелтушілердің тиісті сәйкестендіргіштерін, деректемелерін, төлем мақсатының кодын көрсете отырып, ақша енгізеді.

6. Бірыңғай оператор әлеуетті өнім беруші немесе өнім беруші ЕДБ-де ашық шотқа ақшаны аударған сәттен бастап 1 (бір) жұмыс күні ішінде әлеуетті өнім берушінің және (немесе) өнім берушінің электрондық әмиянында есептелген соманың көрсетілуін қамтамасыз етеді және оларға Заң шенберінде қамтамасыз ету шаралары ретінде төлем жүргізуге мүмкіндік береді.

7. Бірыңғай оператордың әлеуетті өнім берушілерге және (немесе) өнім берушілерге ақшаны үздіксіз және уақытылы қайтару жөніндегі операцияларды орындауы үшін

бірыңгай оператор Заңға сәйкес ЕДБ-де ашылған шотқа түскен және электрондық әмиянның жалпы ақша сомасының кемінде 70 (жетпіс) пайызы көлемінде электрондық әмияндағы ақшаны сактауды қамтамасыз етеді.

**3-тарау. Мемлекеттік сатып алу саласындағы бірыңгай оператордың екінші деңгейдегі банктерде ашылған шотына түскен және электрондық әмияндағы ақшаны сактау, аудару және қайтару**

8. ЕДБ-де ашылған шотқа түскен және электрондық әмияндағы жалпы сомасының 30 (отыз) пайызы көлеміндегі ақшаны бірыңгай оператор әр айдың сонында оны сактау мақсатында бірыңгай оператордың қолма-қол ақшаны бақылау шотына аударады.

Бірыңгай оператордың қолма-қол ақшаны бақылау шотында сақталуын қамтамасыз ету үшін Бірыңгай оператордың ақша аударуы келесі айдың 10-нан (онынан) кешіктірмей жүзеге асырылады.

9. Бірыңгай оператордың қолма-қол ақшаны бақылау шотындағы ақша әлеуетті өнім берушінің және (немесе) өнім берушінің өтінімі бойынша бірыңгай оператор талап еткенге дейін сақталады.

10. Әлеуетті өнім берушінің және (немесе) өнім берушінің электрондық әмияндағы ақшаны талап ету құқығының үшінші тұлғаларда туындауына әкеп соғатын іс-әрекеттер жасауына жол берілмейді.

11. Электрондық әмияннан ақшаны қайтаруды бірыңгай оператор веб-портал арқылы өтінім түскен күннен бастап үш жұмыс күні ішінде жүзеге асырады, жүйеде тиісті тіркеу белгісі қалады.

12. Әлеуетті өнім берушілерге және (немесе) өнім берушілерге қайтару үшін ЕДБ-де ашық шотта ақша жеткіліксіз болған жағдайда, бірыңгай оператор әлеуетті өнім берушіден және (немесе) өнім берушіден электрондық әмияннан ақшаны қайтаруға өтінім келіп түскен күннен бастап 1 (бір) жұмыс күнінен кешіктірмей бірыңгай оператордың қолма-қол ақшаны бақылау шотында сақталатын ақшаны аударуға арналған төлем тапсырмасын мемлекеттік қазынашылық органына жібереді.

Мемлекеттік қазынашылық органы төлем тапсырмасын алған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде сұратылған соманы бірыңгай оператордың қолма-қол ақшаны бақылау шотынан ЕДБ-де ашық шотқа аударуды орындайды.